

«Қызыларық»бөбекжай-бақшасы қамқоршылық кеңесі отырысының  
№2 хаттамасы

Өткізілген күні: 10.12.2025 жыл

Өткізілген орны: «Қызыларық»бөбекжай-бақшасы

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Елекбаев Н.О.

Хатшы: Тлеуқабылова Қ

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі, педагог-психолог, балабақша  
әдіскері, медбике, қамқоршылық кеңесінің мүшелері.

Қатыспағандар: жоқ

**Күн тәртібінде:**

1. Бракераждық комиссиямен бірлескен түрде бақша асханасының тағамдарының сапасын тексеру.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, қамқоршылық кеңесінің мүшелері медбике **Асибекова Назира** мен бірге бақша асханасына кіріп, азық-түліктің сақталу қоймасын, ондағы азық-түліктің сақталуын бақылады. Асханадағы ас дайындайтын аймақтарымен, әдіс-тәсілімен танысты. Астың дайындалу барысын, дайын астың топтарға таратылуы мен берілуін бақылады. Сол күнгі ас мәзіріне сәйкес дайын астың сапасын көрді. Бақшаның күзгі, қысқы 10 күндік ас – мәзірінің калькуляциямен танысты.

**Тындалды: Г.Сейсебаева** ай сайын тәрбиеленушілердің науқастануы бойынша талдау жасалынып отыратынын айтты. Сонымен қатар жалпы аурулардың алдын алу шаралар атап айтқанда, дәруменді терапия С дәрумені кальциймен көктем – күз айларында берілсе, қыс мезгілінде желтоқсан айынан бастап тұмаудың алдын алу үшін күнделікті берілетін, мұрынға оксолин майының жағылатынын айтып түсіндірді. Ата-аналар үшін жадыннамалар топтар ата-аналар бұрышына ілініп, қажет жағдайда жекелеген балалардың ата-аналарына кеңес, ұсыныстар беру жұмыстары да жүргізіліп отыратынын айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қамқоршылық мүшелері өз пікірлерін білдірді.

**Тастандиева Нургуль Сейтхановна** бақшаның асханасына кіріп бақылау жасау барысында астың өз деңгейінде дайындалатынын, азық-түліктің дұрыс сақталуына мән берілетіні көңілге қонымды. Бақшаның тамақтану бойынша жұмысына қанағаттанамын деді.

**Миралиева Гульзира Асанова** жалпы бақшада тамақтануын ұйымдастыру және науқастаудың алдын алу бойынша жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.